

«Нархоз университеті» КЕАК
Академиялық Кеңесінің
2021ж. «22» қарашадағы
шешімі бойынша (№9 хаттама)
«**БЕКІТІЛГЕН**»
Өзгерістер мен толықтырулар
«Нархоз университеті» КЕАК
Академиялық Кеңесінің
2022ж. «31» мамырдағы
шешімі (№22 хаттама)

**ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРГЕ ИЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ
БІЛІМГЕ ТЕҢ ҚОЛ ЖЕТКІЗУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
САЯСАТЫ**

Алматы қаласы,
2022 жыл

Мазмұны


Құжаттың паспорты	3
Келісу парағы	4
1. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ.....	5
2. УНИВЕРСИТЕТТИҢ МИССИЯСЫ МЕН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ СӘЙКЕСТІГІ	5
3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІГІ	5
4. ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАҒА СӘЙКЕСТІГІ	6
5. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	6
6. НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕР.....	6
6.1. Тең қол жеткізу.....	6
6.2. Конфиденциалдылық.....	7
7. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮДЕРІС	7
7.1. Оқуға қабылдау процедурасы.....	7
7.2. Білім алушыларды тіркеу.....	7
7.3. Білім жеңілдіктерінің түрлері.....	8
7.4. Бейімдеу (адаптация).....	8
7.5. Оқу үдерісі.....	8
7.6. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттемелері.....	10
7.7. Университеттің құқықтары.....	10
7.8. Шағым және апелляция	10
8. ЖАУАПКЕРШІЛІК АУМАҒЫ	11
9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	11

Құжаттың паспорты

Құжаттың атауы:	Ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылардың білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету саясаты
Қысқаша сипаттамасы:	Саясат ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылардың білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз етудің мақсаты мен негізгі принциптерін бейнелейді.
Әзірлеушілер:	Аккредиттеу бөлімі Н.Ж. Шаханова И.Э. Кесер
Статусы:	қолданыстағы
Аудит уақыты:	21.11.2022 ж.
Аудитке жауапты тарап:	Аккредиттеу бөлімінің бастығы

Келісу парағы

М.а. Провост,
Академиялық жұмыс жөніндегі
вице-провост



С.Ы. Өмірзақов

Ғылым жөніндегі вице-провост



А.С.Шенин

Әкімшілік Департаментінің
директоры



Л. Бисенғали

«Нархоз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (әрі қарай – «Университет») жаһандық білім беру кеңістігіне интеграцияланған және оқыту, сабақ жүргізу мен зерттеу сапасының халықаралық академиялық стандарттарына, ең алдымен Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз етудің стандарттары мен нұсқаулықтарына (ESG 2015) сәйкес келеді.

«Оқу ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі» 1.6 стандарты. Жоғары білімнің Еуропалық кеңістігінде жоғары білім сапасын қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтарда (ESG 2015) келесідей деп көрсетілген: «Оқу ресурстарын бөлу, жоспарлау, ұсыну және студенттерді қолдау, сонымен қатар студенттерге бағдарланған білім мен оқыту және сабақ жүргізудің икемді модельдеріне көшу барысында студенттердің әр түрлі контингенттерінің (мысалы, жұмыс істейтіндер, ересектер, толық күн оқымайтын білім алушылар, шетелдік студенттер, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі студенттер) қажеттіліктерін ескеру қажет».

1. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ

Ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылардың білім беру ортасына интеграциялануына жәрдемдесу, олардың білім беру қызметтері мен инфрақұрылымға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қалыптастыру.

Функционалдық шектеулерге ие білім алушыларды интеграцияланған топтардағы басқа білім алушылармен бірлесіп оқыту үшін *инклюзивті, кедергісіз орта* құру.

2. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МИССИЯСЫ МЕН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ СӘЙКЕСТІГІ

Университеттің ерекше қажеттіліктерге ие білім алушыларының білім алуына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету саясаты «Нархоз университеті» КЕАҚ-ның 2020-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму миссиясы мен тұжырымдамасына сәйкес әзірленді.

Саясат ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылар потенциалының максималды түрде жүзеге асырылуына ықпал етуге арналған.

3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІГІ

Нархоз университетінің ерекше қажеттіліктерге ие білім алушыларының білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету саласындағы саясаты инклюзивтік білім берудің халықаралық тәсілдемелеріне сәйкес келеді, онда мынадай құжаттар көрініс тапқан: баршаға арналған Білім туралы дүниежүзілік декларация және базалық білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған Іс-әрекет шеңбері (1990); Мүгедектерге арналған тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты ережелері (1993); Ерекше қажеттіліктерге ие адамдарға білім беру саласындағы принциптер, саясат және практикалық қызмет туралы Саламанктік декларация және ерекше қажеттіліктерге ие адамдарға білім беру жөніндегі Іс-әрекет шеңбері (1994);

Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы (2006); Дакар іс-әрекет шеңбері; Баршаға арналған білім беру: ұжымдық міндеттемелерімізді орындау (2000); ЮНЕСКО-ның Инклюзивті білім беру саласындағы саясатының басқарушылық принциптері (2009) БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы мақсаттары (ТДМ, 2015) және БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Декларациясы мен Жаһандық іс-әрекет жоспары.

4. ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАҒА СӘЙКЕСТІГІ

Нархоз университетінің ерекше қажеттіліктерге ие білім алушыларының білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету саласындағы саясаты Қазақстан Республикасының келесідей құқықтық актілеріне сәйкес келеді: Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы; Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13-сәуірдегі Заңы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидалары мен олардың мөлшерлерін бекіту туралы» 2008 жылғы 7-ақпандағы №116 Қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 12-наурыздағы №320 Қаулысы.

5. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Бұл саясат академиялық ұтқырлық пен қос дипломдық (бірлескен) білім беру бағдарламалары және өзге де бағдарламалар бойынша сырттан келетін білім алушыларды қоса алғанда, Университеттің барлық оқыту деңгейлеріндегі (бакалавриат, магистратура, PhD докторантурасы) білім алушыларына таралады.

6. НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕР

6.1. Тең қол жеткізу

Университет білім алушылардың, оның ішінде ерекше қажеттіліктерге ие адамдардың білім беру қызметтері мен инфрақұрылымға тең қол жеткізу принципін ұстанады.

Университет білім алушыларды кез келген белгілер мен негіздер бойынша кемсітуге және/немесе қысымшылыққа ұшыратуға жол бермейтін білім беру ортасын құруға міндеттенеді және ерекше қажеттіліктерге ие адамдардың Университеттің қалған білім алушыларымен бірдей құқықтарға ие болуына кепілдік береді.

Университет ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылардың кампустың ғимараттары мен аумағына кіру, ақпараттық және білім беру ресурстарына қол жеткізу бойынша қажеттіліктерін қанағаттандыруды, сонымен қатар кампустан тыс ресурстардың онлайн-қолжетімділігін қолдауды қамтамасыз етуге ұмтылады.

6.2. Конфиденциалдық

Ерекше қажеттіліктерге ие студенттер туралы ақпарат Университеттің Конфиденциалдық саясатына сәйкес келеді.

Университет ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылар бойынша деректерді өкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша ұсынуы және олар ресми статистикалық есептерде көрсетілуі мүмкін.

7. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮДЕРІС

7.1. Оқуға қабылдау процедурасы

7.1.1. Ерекше қажеттіліктерге ие талапкер Виртуалды қабылдау комиссиясы арқылы, әрі Университет сайтына сілтеме жасау жолымен қашықтан консультация ала алады. Университет сайты (<https://kk.narxoz.kz/>) көзі нашар көретіндерге бейімделген.

7.1.2. Ерекше қажеттіліктерге ие талапкердің құжаттарын электрондық форматта admission@narxoz.kz почтасына жіберу мүмкіндігі бар.

7.1.3. Оқуға түсу кезінде ерекше қажеттіліктерге ие талапкер Қабылдау комиссиясын алдын ала хабардар етеді және белгілі бір жеңілдіктер беруге өтініш беру үшін өзінің мүгедектігін растайтын құжаттарды тапсырады.

7.1.4. Ерекше қажеттіліктерге ие талапкерге волонтер-ассистенттің көмегі көрсетілуі мүмкін.

7.1.5. Ерекше қажеттіліктерге ие талапкердің оқуға түсу құжаттарын тапсыру кезінде жеке жабдықтарды (есту аппараты, мүгедектер арбасы, Брайль әліпбиі және т.б.), ал өтініш формасын толтыру кезінде техникалық құралдарды (компьютер, ноутбук, планшет) пайдалану мүмкіндігі бар.

7.2. Білім алушыны тіркеу

7.2.1. Қабылдау комиссиясы ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылар туралы ақпаратты Тіркеуші офисі (әрі қарай – ТО) мен Эдвайзерлер офисіне (әрі қарай – ЭО) береді.

7.2.2. ТО менеджері ерекше қажеттіліктерге ие білім алушыларды медициналық құжаттардың көшірмелері бар, дәрілік және өзге де препараттарға қарсы көрсетілімдерін, яки аллергиясын, туыстары, қамқоршылары және кураторының контактілері мен білім алушы профильдік ауру бойынша есепте тұрған тұрғылықты жеріндегі медициналық ұйымның контактілерін көрсету жолымен ішкі есепке қояды.

7.2.3. Білім алушы онлайн тіркеу басталғанға дейін эдвайзермен консультациядан өтеді және оқытудың жеке траекториясын қалыптастырады. Білім алушы дербес немесе ТО-ның көмегі арқылы курстарға тіркелуден өтеді. ЭО қажет болған жағдайда білім алушыларды пәндерге тіркеумен айналысады және ерекше қажеттіліктерге ие білім алушыларды тіркеу туралы ақпаратты Мектептің тиісті деканатына береді.

7.3. Білім беру жеңілдіктерінің түрлері

7.3.1. Бакалавриат бағдарламаларының мүмкіндігі шектеулі білім алушылары үшін (бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер) жылдық оқу құнының 50% мөлшерінде жеңілдіктер беріледі (Басқарманың шешімімен (12.08.2021ж. №15 хаттама) бекітілген «Нархоз университеті» КЕАҚ-да бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша білім беру жеңілдіктерін беру туралы» Ережеге сәйкес).

7.3.2. Мұндай категориядағы білім алушылар үшін GPA орташа баллының деңгейі барлық оқу кезеңінде 2,67-ден төмен болмауы тиіс.

7.3.3. Жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларға (бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер) жылдық оқу құнының 50% мөлшерінде жеңілдіктер беріледі (Басқарманың шешімімен (12.08.2021ж. №15 хаттама) бекітілген «Нархоз университеті» КЕАҚ-да жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша білім беру жеңілдіктерін беру туралы» Ережеге сәйкес).

7.4. Бейімдеу (адаптация)

7.4.1. Ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылар кәсіптік бағдарлау апталығы мен Студенттермен жұмыс жөніндегі деканат (әрі қарай – СЖД) өткізетін басқа да іс-шараларға тең құқықтық негізде қатысады.

7.3.2. Ерекше қажеттіліктерге ие студенттер тұрақты психологтың психокоррекциялық көмегін ала алады.

7.5. Оқу үдерісі

7.5.1. Ерекше қажеттіліктерге ие білім алушыларға бүкіл оқу кезеңі бойы академиялық сүйемелдеу көрсетіледі.

7.5.2. Эдвайзер студентпен бірлесе отырып, білім алушыны онлайн тіркеу қорытындысы бойынша қалыптасатын және Эдвайзерлер офисі бекітетін жеке оқу жоспарын (әрі қарай – ЖОЖ) қалыптастырады.

7.5.3. Эдвайзер мен психолог академиялық мәселелер бойынша ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылардың заңды өкілдері және қамқоршыларымен үнемі байланыста болады.

7.5.4. Мектеп, білім беру бағдарламасы келесі көмек түрлерін көрсетеді:

- пән бойынша жеке кеңес беруді ұйымдастыру, қажет болған жағдайда қосымша факультативтерді енгізу;
- білімді бағалау әдістері мен мерзімдерін түзету (корректировка);
- ғылыми-зерттеу жұмыстары, өндірістік практика бойынша есеп, дипломдық жоба мен бітіруші біліктілік жұмысын дайындау кезіндегі техникалық көмек;
- дәрістерді жазу, тұсаукесерлер, яки презентацияларды дайындау мен жеке портфолио құруға көмектесу.

7.5.5. Мектеп профессор-оқытушылар құрамын, оның ішінде шақырылған оқытушыларды ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылардың қабылдануы және оқытудың жеке ерекшеліктері туралы хабардар етуі тиіс.

7.5.6. Мектеп Кеңесі, Тіркеуші офісі және ЭО-мен келісе отырып, ерекше қажеттіліктерге ие студенттер үшін жеке оқу жоспары мен емтихан сессиясына түзетулер енгізе алады, бұл білім алушыға бағалау мақсаттары үшін өз білімі мен құзыреттілігін көрсетуге тең мүмкіндік береді.

7.5.7. Түзетулер емтихандардың альтернативтік әдістерін таңдау, емтихандарды тапсыру уақытын ұзарту, емтихан тапсыру кезінде ассистентті ұсыну (офлайн режимде), емтихан жұмыстарын баламалы форматтау және т.б.-ға қатысты болуы мүмкін.

7.5.8. Ерекше қажеттіліктерге ие білім алушыларға ұсынылатын түзетулер игерілетін курстың немесе бағдарламаның академиялық талаптарына сәйкес келуі керек және бакалавр, магистр, PhD докторы және т.б. біліктіліктерді алуға қажетті базалық талаптардың орындалуына әсер етпеуі тиіс.

7.5.9. Университеттің Білім беру жеңілдіктерін беру жөніндегі комиссиясы білім алушылардың оқу төлемақысы бойынша жеңілдіктер беруге деген өтініштерін қарастырады және қабылданған шешім туралы хабарлайды.

7.5.10. Ғылыми кітапхана Брайль жүйесі бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер мен кітаптарды жекелей таңдауына көмек көрсетеді.

7.5.11. Ақпараттық технологиялар департаменті (АТД) оқытудың техникалық құралдары мен заманауи технологияларды пайдалану бойынша техникалық көмек көрсетеді және кеңес береді.

7.5.12. Студенттермен жұмыс жөніндегі деканат (СЖД) әлеуметтік байланыстарды орнатуға көмек көрсетеді, Университеттің студенттік ұйымдарының мүшелігіне өту және зияткерлік, мәдени, спорттық және өзге де іс-шараларға (онлайн және офлайн) қатысу мүмкіндігі туралы хабардар етеді.

7.5.13. Халықаралық даму, мансап және серіктестік департаменті (ХДМЖСД) академиялық ұтқырлықтың жеке бағдарламасын (соның ішінде виртуалды) әзірлеуге көмек көрсетеді, ерекше қажеттіліктерге ие студенттерді ұсынылған халықаралық бағдарламалардың, стипендиялар мен гранттардың барлық спектрі шеңберінде ғылыми және білім беру әлеуетін ашу үшін қосымша мүмкіндіктер туралы хабардар етеді және әкімшілік қолдау көрсетеді. Сонымен қатар ХДМЖСД қабылдаушы тарапты білім алушы денсаулығының жекелей ерекшеліктері туралы хабардар етеді.

7.5.14. Мансапты дамыту және түлектермен байланыс бөлімі (әрі қарай – «Бөлім») ұлттық еңбек заңнамасына сәйкес ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылардың оқу/өндірістік практика базасын жеке іріктеуіне және мамандық, оқыту тілі, үлгерімі мен өңірлік өкілдігін ескере отырып, жұмысқа орналасуына жәрдем көрсетеді. Орталық сонымен қатар серіктес компаниялардың әлеуметтік тұрғыдан осал студенттерге арналған жобалары, тағылымдамалары мен ашық жұмыс орындары туралы ақпаратты ұсынады және қабылдаушы тарапты білім алушы денсаулығының жекелей ерекшеліктері туралы хабардар етеді.

7.5.15. Әкімшілік департаменті оқу корпустары бойынша еркін және кедергісіз жүріп-тұру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, ерекше қажеттіліктерге ие білім

алушыларға ыңғайлы болуы үшін техникалық құралдарды (пандустар, дәретханалар, көрсеткіштер мен тақтайшаларды және т.б. қоса алғанда) жабдықтайды.

7.6. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттемелері

7.6.1. Білім алушы Университеттің кез келген қызметкеріне кеңес алу үшін жүгіну құқығына ие.

7.6.2. Білім алушы қашықтан оқыту әдістерін қолдана отырып, аудиторияда оқыту мен онлайн білім алуды қоса алғанда, Университеттің білім беру қызметтері мен инфрақұрылымына тең қол жеткізу; оқытудың техникалық құралдары мен Ғылыми кітапхананың ақпараттық базасына және т.б. қол жеткізу құқығына ие.

7.6.3. Медициналық көрсетілімдері бар болған жағдайда білім алушы Университеттің спорттық-сауықтыру кешеніне тең қол жеткізуге құқылы.

7.6.4. Білім алушының академиялық ұтқырлық бағдарламалары, қос дипломдық бағдарламалар мен ғылыми-практикалық жобалар бойынша ақпаратқа тең қол жеткізуге құқығы бар.

7.6.5. Білім алушы Университеттің Әдеп жөніндегі комиссиясына жүгіну құқығын иелене алады.

7.6.6. Оқу бағдарламасын аяқтағаннан кейін білім алушы белгіленген үлгідегі диплом алады.

7.6.7. Білім алушы шынайы медициналық құжаттаманы ұсынуға жауапты болады;

7.6.8. Білім алушы Академиялық саясат талаптары, Академиялық адалдық ережелері мен Университеттің Этикалық мінез-құлық кодексін сақтау бойынша жауапкершілік арқалайды.

7.6.9. Білім алушы эдвайзер және психологпен үнемі байланыста болады.

7.6.10. Білім алушы өзінің арнайы көмек алу мақсатын (волонтер-ассистент, техникалық жабдық пен т.б. тағайындау) емтихан кезеңі басталғанға дейін Тіркеуші офисіне хабарлайды.

7.7. Университеттің құқықтары

Университет ерекше қажеттіліктерге ие білім алушыларға қатысты түзетулерді әзірлеу мен қолданудан келесідей жағдайларда бас тартуы мүмкін:

7.7.1. Егер түзетулер немесе іс-шаралар енгізу Университет үшін негізсіз қиындықтар мен шығындар тудыруы мүмкін болса;

7.7.2. Егер түзетулер немесе іс-шаралар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Университеттің ішкі құжаттарына, оның ішінде Академиялық адалдық саясаты мен Университеттің басқа да ережелеріне қайшы келсе;

7.7.3. Егер ерекше қажеттіліктерге ие білім алушы бойында айналасындағылардың әл-ауқатын немесе денсаулығын қорғау үшін оларды оқшаулау талап етілетін жұқпалы ауру мен басқа да жағдай туындайтын болса.

7.8. Шағым және апелляция

Ерекше қажеттіліктерге ие білім алушылардың шағымдарын Университеттің Этикалық мінез-құлық кодексіне сәйкес Әдеп жөніндегі комиссия қарастырады.

Апелляциялар «Бакалавриат пен магистратура БББ бойынша аралық аттестаттауды (пәндердің қорытынды емтихандарын) ұйымдастыру және өткізу туралы» ережеге, әрі апелляциялар мен емтихандар бойынша өтініштерге сәйкес қарастырылады.

Университет шағымдарды қараудың құпия сипатына (конфиденциалдығына) кепілдік береді.

8. ЖАУАПКЕРШІЛІК АУМАҒЫ

Осы құжатта көрсетілген бөлімшелер ерекше қажеттіліктерге ие білім алушыларды білім беру ортасына бейімдеу және қолдау жүйесін құру үшін жауапты болады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 Осы Ереже, әрі Саясатқа өзгертулер мен толықтырулар Университет Академиялық Кеңесінің шешімі бойынша енгізіледі.

9.2 Саясат оны Университеттің Академиялық Кеңесі бекіткен күннен бастап өз күшіне енеді.

9.3 Егер Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің өзгеруі нәтижесінде осы Саясаттың жекелеген ережелері заңнама ережелеріне қайшы келсе, онда олар өз күшін жояды.

9.4 Осы Саясаттың нормаларымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және Университеттің ішкі құжаттарының ережелері бойынша реттеледі.

Әзірлеуші

_____ 

Н.Ж. Шаханова,
Аккредиттеу бөлімінің бастығы

Құжатты тексеру туралы белгі:

_____ 

Г. Абызова
Іс жүргізу және мұрағат бөлімі
бастығы